

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің жекелеген мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 6 қараша N 1135. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.07.05. N 930 қаулысымен. ~P990930

"Мемлекеттік басқару органдарын одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы N 3986 U983986_ Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1998 ж., N 19, 167-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің қоса беріліп отырған құрылымы бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 желтоқсандағы N 1751 P971751_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 53 487-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

атаған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті туралы ережеде:

1) 1-тармақтағы "мемлекеттік мүлкіне" деген сөздер "мемлекеттік меншікке" деген сөздермен, "пайдалану және билік жасау" деген сөздер "пайдалану, билік жасау және оның мақсатқа сай әрі тиімді пайдалануына бақылау жасау" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің құрылымын Қазақстан Республикасының Үкіметі, штат санын - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, бекітілген құрылымы, адам саны мен еңбекке ақы төлеу қорының шеңберінде штат кестесін Департамент директоры бекітеді";

3) 7-тармақта:

төртінші абзацтағы "мемлекеттік республикалық меншіктің пайдаланылуын" деген сөздер "мемлекеттік меншіктің мақсатқа сай және тиімді пайдаланылуын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"жүргізілген тексерістер мен тексерулердің материалдарын қорытудың негізінде мемлекеттік меншікті тиімді пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу";

4)8-тармақта:

үшінші абзацтағы "мемлекеттік республикалық меншіктің пайдаланылуына" деген сөздер "мемлекеттік меншіктің мақсатқа сай және тиімді пайдаланылуына" деген сөздермен ауыстырылсын;

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"шаруашылық серіктестіктеріндегі мемлекеттік ұлеске және акциялардың мемлекеттік пакеттеріне кіріс пен дивидендердің дұрыс есептелуін, олардың бюджетке уақытылы және толық аударылуын бақылайды";

мынадай мазмұндағы он бесінші және он алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

"Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет қатысатын шаруашылық серіктестіктерінің тізіліміне енгізілген мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет қатысатын шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік қоғамдардың қаржы-шаруашылық қызметіне белгіленген тәртіппен және өз құзыретінің шеғінде тексерістер мен тексерулерді жүргізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер министрлігінің, Бас Прокуратурасының, соттардың тиісті актілері бойынша, мемлекеттік органдардың өтініштері, азаматтардың хаттары мен арыздары бойынша ұйымдарға тексерістер мен тексерулер жүргізеді;

зандарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет қатысатын шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік қоғамдардың қаржы-шаруашылық қызметіне бекітілген жоспарға сәйкес тексерістер мен тексерулер жүргізеді;

5)9-тармақта:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"зандарда белгіленген тәртіппен ұйымдардың құрылтайшысы болуға және олардың жарғыларын бекітуге;

оныншы абзац "Үкіметке" деген сөзден кейін "акционерлік қоғамдар" деген сөздермен толықтырылсын;

он екінші абзацтағы "мемлекеттің қатысу үлесі бар шаруашылық серіктестіктері басқару" деген сөздер "мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктері" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы он бесінші-он сегізінші абзацтармен толықтырылсын:

"мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тиісті бухгалтерлік және өзге де қаржы құжаттамаларын және материалдық құндылықтардың бар-жоғын тексеруге, сондай- ақ олардың басшылары мен басқа қызметкерлерінен тексерістер мен тексерулер жүргізу барысында туындейтын мәселелер бойынша жазбаша түсініктеме алуға;

анықталған тәртіп бұзушылықты жою, келтірілген зиянды өндіріп алу

жөнінде шаралар қабылдауға;

анықталған тәртіп бұзушылық, мемлекеттік меншікті ұрлау және өзге де тәртіп бұзушылық фактілері бойынша материалдарды тергеу органдарына жіберуге;

мемлекеттік қасіпорындарда, мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерінде жүргізіліп отырған тексерістер мен тексерулерге мемлекеттік органдардың мамандарын келісім бойынша тартуға".

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

1998 жылғы 6 қарашадағы

N 1135 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру департаментінің

ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Ұлттық компаниялар және жеке жобалар басқармасы

Мемлекет қатысатын коммерциялық ұйымдар басқармасы

Акциялардың мемлекеттік пакетін сату және мемлекеттік меншікті басқару тиімділігінің мониторингі басқармасы

Бақылау-тексеріс басқармасы

Әлеуметтік сала объектілері және жылжымайтын мұлік басқармасы

Мемлекеттік үйымдардағы мемлекеттік меншік басқармасы

Үйымдастыру-инспекторлық жұмыс басқармасы

Ақша қаражатын бақылау және бөлу бөлімі

Ведомстволық құжаттама дайындау бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК